# «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің мемлекеттік мекемесі , №76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 1,2- қосымшасын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - Бағалау өлшемшарттары), «Ақтөбе қаласының №76 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің кезектен тыс 30.04.2024 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімімен 30.04.2024ж. №65 бұйрығы негізінде 2024 жылдың 02 мамыр – 01 тамыз аралығында мектепалды даярлық қызметіне қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып, өзін-өзі бағалау жұмысы келесі құрамда бекітілген комиссиямен өткізілді.

1.Бегжанов Орынбасар Избасарович – мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2.Аблаева Анаргуль Базарбаевна – директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі;
3.Жетруова Гульжан Кусмановна – директорының тәрбие ісі жөніндегі фрынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
4.Жұбаниязова Іңкәр Мерекеқызы – директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, тарих және құқық пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
5.Султанов Мырзасейт Жаксылыкович - директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
6.Карагулова Зейнет Жаксылыковна – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы, тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
7.Кайынбаева Гүлбану Кайынбаевна – бастауыш ӘБ жетекшісі, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі;
8.Тулегенова Гүлбақыт Бүйкытовна – информатика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
9.Алдиярова Гүлжанат Капаровна – әлеуметтік педагог, музыка пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
10.Қожабаева Гүлназ Жаксылыковна – мектеп психологі, комиссия мүшесі;
11.Малсакбаева Гүлімай Шайжановна – кітапханашы, комиссия мүшесі;
12.Килибаева Айлязат Хамитовна – бас есепші, комиссия мүшесі.

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері басшылыққа ала отырып, қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау оның ішінде білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

| | |
|---|---|
| **1. Білім беру ұйымы туралы жалпы сипаттама.** | |
| 1 | **Білім беру ұйымының толық атауы.**<br>2019 жылғы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 11 қыркүйектегі № 5051 қаулысы негізінде «Ақтөбе қаласының білім бөлім» мемлекеттік мекемесінің «№76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып құрылды. |
| 2 | **Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және накты орналасқан жерінің мекен-жайы).**<br>Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы,Бекқұл баба тұрғын үй алабы,79 құрылысы , почталық индекс 030000 |

| | |
|---|---|
| 3 | **Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт).**<br>Телефон: 8(7132)74-90-54, электронды почта – 76_chool@mail.kz.<br>сайты 76ossh.edu.kz |
| 4 | **заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).**<br>Мектеп директоры Бегжанов Орынбасар Избасарович , ұялы телефоны: 87015642298, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 28 сәуірдегі 2020 жыл №74 бұйрығымен тағайындалды. |
| 5 | **Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса берілді).**<br>Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2019 жылғы 13 желтоқсанда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 26.05.1997 жыл, БСН-970540000761.<br>Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. Мекеме жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігінің 09.12.2020 жылғы №448 қаулысымен бекітілген. |
| 6 | **Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).**<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 18.11.2020 жылы №KZ82RVK00025298 берілген.<br>«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 15.01.2020 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ64LAA00017673 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген. |
| | **1. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:** |
| 1) | **Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;**<br>**Талдау нәтижелері:** Құжаттарды зерделеу барысында мектепалды даярлық сыныбы аптасына 5 күндік жұмыс жасайтынын , 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылында 2 мектепалды даярлық сыныбы жинақталды, тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі.<br>Жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 ( 2022 жылғы 23 қыркүйектегі№406 ) бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (бұдан әрі-ҮОЖ) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар) негізделіп құрылған және Ақтөбе қаласы білім бөлімінің басшысымен келісілген, мектеп басшысы қолы қойылып, бекіткен. |

| | |
|---|---|
| | 2022-2023, 2023-2024,2024-2025 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары оқу жүктемесінің сағат сандарында ауытқушылық анықталмады**.**Ұйымдастырылған оқу іс - әрекеттерінің кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Осыған орай оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жылында МЖМБС мен ҮОЖ басшылыққа ала отырып құрылғаны және бекітілгені анықталды. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:**.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 –тарауының 4-тармағының 3- тармақшасының талаптарына сәйкес келеді**.** |
| **2)** | **білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген** *(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген***) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына** *(вариативті, жеке, бейімделген, қосымша)* **сәйкес іске асыру;**<br>**Талдау нәтижелері:** 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылындағы құжаттарды зерделеу барысында мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды.<br>2022 – 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдері бағыт-бағдарламасына сүйене отырып жылдық тәрбие жұмысы ұйымдастырылды. 0 «А» ,0«Ә» класында саяси – мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың сегіз бағыты бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді. Алға қойған мақсаттары: өскелең ұрпақты жан-жақты дамыған, өмірге бейім, патриоттық рухы биік азамат тәрбиелеу, табиғатқа деген сүйіспеншілік, мейрімділік, жанашырлық сезімдеріне баулу. Осындай мақсаттарды іске асыруда тәрбие жұмыстары мынадай басты бағыттар бойынша жүргізіп келеді. Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы басты бағыттар бойынша жүргізіп келеді.<br>Оқушыларды өз Отанына деген сүйіспеншілікке, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге баулу мақсатында класта әр дүйсенбі сайын сабақ алдында Әнұран айтылады. Сонымен бірге 1-қыркүйек білім күні «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты ашық класс сағатына оқушылыр белсене қатысты.<br>«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты ашық класс сағатында оқушыларға білім мен тәрбиенің бірге жүретіндігі және де еңбек арқылы барлық қиыншылықты жеңіп, Отанының білімді, тәрбиелі, еңбекқор азаматы мен азаматшалары болып шығатындықтары туралы айтылды. Бейнероликтер мен слайдтар көрсетілді. Қорытынды ретінде жазғы демалысты қалай өткізгендіктері туралы айтқызып, әр оқушы өз суреттерін көрсету арқылы жазғы демалысты қалай өткізгендіктері туралы әңгімелеп шықты .<br>25- Қазан Республика күніне орай қазан айының 17-сі күні «Отаным- бақыт ордасы» |

атты ашық класс сағаты болды. Класс сағатында оқушылар Отан жөнінде тақпақтар айтып, постер қорғады және Отанымызға тарту ретінде ән салды.

25- Қазан Республика күніне орай қазан айының 21- не «Гүлдене бер, туған жерім- Қазақстан» атты ән байқауы өтті. Ән байқауына Хайролла Әділ қатысып жүлделі І- орынға ие болды.

Қазан айында құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға және адамгершілік құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу мақсатында «Бала құқығы, адам құқығы» атты класс сағаты өтті.

Тәуелсіздік күніне орай желтоқсан айының 12-сі күні «Тәуелсіздік- тұғырым» атты ашық класс сағаты болды. Класс сағатында оқушылар Тәуелсіздік жолында құрбан болған батырларымыз туралы бейнероликтер көріп, постер қорғады және Тәуелсіздікке тарту ретінде өлеңдер оқып, сабақ соңында ән салды.

Қараша айында "Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ"атты ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, бойларындағы адами қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуге тәрбиелеу.Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша:

Мақсаты: Өзінің міндеттерін түсінетін және қабылдайтын, өмірді және өзін, өзінің іс-әрекеттерін рухани-адамгершілік нормалары тұрғысынан дұрыс бағалауға қабілетті толық тұлғаны тәрбиелеу, өзін-өзі, өзінің қабілетін, рухани-адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі дамыту және жетілдіру мүмкіндіктерін тану**.**

Қыркүйек айында «Адалдық пен әділдік» класс сағаты, желтоқсан айында «Адамгершілік – асыл қасиет» класс сағаты өтті. Қазан айының 3 мен 10 аралығында «Өз жүрегіңмен жылыту» атты қайырымдылық апталығы аясында «Мейірімді болайық» тәрбие сағаты болып өтті.

Қыркүйек айында «Денсаулық – зор байлық», қазан айында «Зиянды заттардан жиренейік» , желтоқсан айында «Тазалық – денсаулық кепілі» атты класс сағаты өткізілді. Қараша айында болып өткен онкүндікте оқушылар үзіліс сайын салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спортзалда жаттығулар жасады. Желтоқсан айының басында денсаулықты нығайту және ағзаны шынық-тыру мақсатында отбасылар арасында «ТОЛАҒАЙ» отбасылық спорттық сайыс өтті

Сәуір айының оныншы жұлдызында «Дені саудың- жаны сау!» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты:оқушыларға денсаулықтың өмірінің ең маңызды тірегі екенін түсіндіру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу.

Қыркүйек айында «Жасай бер, Мәңгілік елдің мәртебелі тілі» «Ахмет Байтұрсынов»150 жылдығы» атты ашық тәрбие сағаты өтті.

Қыркүйек айында оқушыларды еңбек етіуге баулу мақсатында «Еңбекқорлық Қараша айында «Экологиялық және денсаулық» атты класс сағаты өтті.

Қазан айында «Күз- әсемдік әлемі» атты апталық аясында оқушыларды табиғатты сүюге, қорғауға, аялай білуге тәрбиелеу мақсатында «Күз арнауы» атты бейнероликтер түсіруге класс оқушылары белсене қатысты және әлеуметтік желіге жарияланды.

Жаңа жыл мерекесіне орай желтоқсанның 27-сінде «Жаңа жыл- жаңа бақыт, жаңа қадам» атты оқушыларға арналған шырша өтті. Оқушылар қойылым тамашалап, мерекелік көңіл күйде би билеп, ән айтты.Ойындарға белсене қатысты.

Қыркүйек айының 26 мен қазанның 03 аралығында ұстаздар күніне орай «Ұстазым, ұлағатым үлгі- өнегем!» атты апталық аясында «Ұстаз- ұлағатты есім» атты тәрбие сағаты өтті.Оқушылар ұстаздарына хат жазып, тақпақтар арнады.

Қаңтар айының 30-ы күні «Жол белгілері достарымыз» атты ашық тәрбие сағаты болып өтті.
Қыркүйек айында «Бақытты балалық шақ»атты , «Отбасы- ұлттың тірегі»атты класс сағаты, қараша айында «Отбасым- бақыт мекені» атты класс сағаттары өтті. Отбасы мерекесіне орай «Жанұямдағы бір күн» және «Өнерлі отбасы» тақырыбында видеороликтер байқауы өтті.
1-Қазан- Қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты апталық аясында «Қарттарым- асыл қазынам» атты ашық тәрбие сағаты өтті.
Ата – аналар жұмысына тоқталатын болсақ қыркүйек айында ата- аналарға арналған семинер практикум ұйымдастырылды. Семинер практикумда 0 «А», 0 «Ә» ата- аналарына мектептің ішкі тәртіп ережелері және де өмір қауіпсіздік ережелері туралы айтылды. Жиналыс барысында қазіргі кездегі баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ата- ана тәрбиесінің үлесі зор екендігі, мектеп пената-ана арасында жағымды қарым - қатынас орнату арқылы мектептегі оқыту мен оқу процесіндегі бағалаудың қалай жүзеге асып жатқандығы туралы айтылды.
Жиналыс барысында ата- аналар бала тәрбиесіне байланысты пікірлерін ортаға салып, ойларымен бөлісті. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі үйірмелерге қатыстыру және де кітаппен дос болу керектігі туралы айтылды.
2022- 2023 оқу жылының басында мектеп психологының ұйымдастыруымен оқушыларға психологиялық- педагогикалық диагностика өткізілді. Үзіліс кездерінде «Ергежейлер, алыптар», «Керісіншелер», «Адам, үй, жер сілкінісі» атты тренингтер өткізілді.
Мамыр айының 5-і күні 7-мамыр Отан қорғаушылар және 9- мамыр Ұлы Жеңіс күні мерекелеріне орай «Ерлік күні» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Ұлы Жеңісті дәріптеу, өз Отанын, елін, туған жерін сүю, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Отанын, туған елін қорғай білуге тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата – бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі өнеге тұт
Сәуір айының 24-і 1-мамыр Бірлік күніне орай «Қазақстан- бірлік пен татулықтың ордасы» атты ашық тәрбие сағаты өтті.Мақсаты: көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу
Наурыз айында «Әлем бесігін тербететін жан-Ана» ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаты барысында оқушылар аналарына арнап тақпақтарын айтып, анаарына арнаған тілектерін жүрекшелерге жазды. Класс қыздарына арнап әзірлеген сыйлықтарын тарту етті.
Наурыз айының 15-іне «Қош келдің, Наурыз төріме!» апталық аясында «Баталы ел- арымас» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаты барысында оқушылар батаны не үшін беретіндігін және де тәрбиелік мәні туралы айтып өтті. Сәби дүниеге келгенде берілетін бата, тұсаукесерде берілетін бата, астан кейін берілетін бата, наурызда берілетін бата, сапарға шыққанда берілетін бата, соғым сойғанда берілетін бата және де басқа көптеген бата түрлерін жатқа айтты.
Наурыз айының басында алғыс айту мейрамына орай «Алғыс айту – парызым» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру; Үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту; Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.
Ата-аналармен байланыс үнемі жүргізіліп отырды. . Сонымен қатар «Жолда жүру ережесін оқыту», «Зиянды заттарды қолданудың алдын алу», «Өмір қауіпсіздік

негіздері», «Өрт қауіпсіздік ережесі», «Рухани-жыныстық тәрбие», «Танымдық экология», «Құқықтық тәрбие» арнайы мемлекеттік бағдарламасы жүргізілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген.

2022-2023 оқу жылындағы перспективтік жоспар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын ( бұдан әрі-Бұйрық) басшылыққа алып құрылған.

Циклограммалар 2022-2023,2023-2024.2024-2025 оқу жылдарына екі мектепалды даярлау сыныбына бекітіліп жасалған. Циклограммалар перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылған: балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу қызметі 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылы бойынша- ҰІӘ), серуенді өткізуді, ғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етіп құрылған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 – тарауының 4- тармағының 4- тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

**3) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы.**

**Талдау нәтижелері:** Аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу келесі көрсеткіштерді анықтады:. 2022-2023,2023-2024 оқу жылында 2 педагог жұмыс атқарады. 1-еуі жоғары білімді, 1-еуі арнаулы орта білімді. Ал 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында 2 педагог жұмыс жасады .Бұл педагогтердің диплом бойынша мектепалды даярлық сыныптарында атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді.

**Білімі мен санатына қарай:**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Білімі | | Санаты | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жоғары білімді | Арнаулы орта білімді | Педагог - зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог - модератор | Санатсыз |
| 2022-2023 оқу жылы | 2 | 1(50%) | 1(50%) | 0 | 0 | 1(50%) | 1(50%) |
| 2023-2024 оқу жылы | 2 | 1(50%) | 1(50%) | 0 | 0 | 1(50%) | 1(50%) |
| 2024-2025 оқу жылы | 2 | 1(50%) | 1(50%) | 0 | 0 | 2(100%) | 0 |

«№76 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-сінің мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамызындағы №385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады.Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарының, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілі қағидалары мен мекеме жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие оқыту жүйесін реттейтін өзгеде нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. Қағиданың 24-тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін,

| | |
|---|---|
| | зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген, демек 3 педагог қызметкерлердің санат бойынша біліктілігін арттыруы қағида талабына сәйкес.<br>Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы 1.1 бөлімі бойынша бағасы мектепалды даярлық сыныбының өлшеуіштерге сәйкес емес.<br>2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдарында мектепалды даярлау сыныбының педагогтері өз қызметінде тиісті өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу,зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында, үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсынан өтіп отырған. Демек, үш жылда бір рет сиретпей біліктілік арттыру курсынан өту талабына сәйкес. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:**«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы 17-тармағына сәйкес келеді. |
| **4)** | **баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;** |
| | **Талдау нәтижелері:** Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.Модельді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Казакстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылы 9 қыркуйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді. Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшем шарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері: - балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бакылау; - әңгімелесу; - балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және тағы басқалар. Жетекші әдіс - бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі. Мониторинг жылына 3 рет: - бастапкы - қыркүйекте; - аралық - қантарда; - қорытынды - мамырда жүргізілген. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталды. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзіреттіліктерді игерген. Оқытудын нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады , деңгейлерін игерген. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген. 2023-2024-оқу жылының мектепалды сыныбы бойынша бастапқы кезендегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының төмен деңгейдегі балалардың көрсеткіші 31%, орташа деңгейдегі балалардың көрсеткіші - 37%, жоғары деңгейдегі балалардың көрсеткіші-31; аралық кезендегі көрсеткіш - баланың біліктері мен |

дағдыларының даму динамикасының жоғары деңгейдегі балалардың көрсеткіші 66%, орташа деңгейдегі балалардың көрсеткіші - 33%;Қорытынды кезендегі көрсеткіш-баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының жоғары деңгейдегі балалардың көрсеткіші 69%, орташа деңгейдегі балалардың көрсеткіші - 31%; Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапка сәйкес.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті 1-қосымша 2-тарау, 6-тармағына сәйкес келеді.

**5)** **тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;**

**Талдау нәтижелері:** мектепалды даярлық сыныбы бойынша 2022-2023,2023-2024 оқу жылына тәрбиеленушілердің бастапқы даму мониторингі зерделенді.

Бастапқы мониторингті талдау барысында бақылау парақтарындағы берілген индикатор сұрақтары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2020 жылғы 28 қыркүйектегі №5 хаттамамен қолдануға ұсынылған «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің» әдістемелік ұсынымдарына (мұнда әдістемелік ұсыным Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарламаға негізделген)) сәйкес келеді.

**Мектепалды даярлық бастапқы мониторинг нәтижелері:**

| баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының мониторингісі | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | Бастапқы | 33,3% | 66,7% | 11,0% |
| | Аралық | 47,0% | 49,8% | 3,2% |
| | Қорытынды | 60,0% | 40,0% | 0% |
| 2023-2024 оқу жылы | Бастапқы | 31,1% | 37,9% | 31,0% |
| | Аралық | 66,0% | 31,0% | 2,0% |
| | Қорытынды | 69,0% | 31,0% | 0% |
| -2024-2025 оқу жылы | Бастапқы | Қыркүйекте | - | - |
| | Аралық | қаңтар | - | - |
| | Қорытынды | мамыр | - | - |

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар жас ерекшелігіне сай. Педагогтар бақылау парағындағы «Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі» көрсеткіштері бойынша әрбір баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін сыныптардың бастапқы мониторингтеріне қорытынды жасаған Мониторинг нәтижелері бойынша төмен, орташа, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі көрсетілген. Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есептері ұсынылған, жүргізілген бастапқы мониторингі бойынша талдау әр топтың білім беру салалары бойынша пайыздық көрсеткіштері кесте түрінде жазылған. Мектепалды даярлау сыныбында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар жоқ

Сондықтан, 2022-2023,2023-202 және 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айынның топ тәрбиеленушілерінің бастапқы мониторингі бақылау парақтарында «Физикалық

| | |
|---|---|
| | қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша бағалау жүргізіліп, жеке қорытындысы шығарылған. Осылайша,бастапқы мониторингтері барлық жас ерекшеліктері бойынша талапқа сәйкес келеді<br>**ҚОРЫТЫНДЫ:**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1- қосымшасының 2 тарауының 6 тармағына сәйкес келеді. |
| **6)** | **үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау**<br>**Талдау нәтижелері:** 2022-2023,2023-2024 оқу жылдарындағы қорытынды мониторингті талдау барысында бақылау парақтарындағы берілген индикатор сұрақтары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2020 жылғы 28 қыркүйектегі №5 хаттамамен қолдануға ұсынылған «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің» әдістемелік ұсынымдарына (мұнда әдістемелік ұсыным Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарламаға негізделген) сәйкес келеді.<br>Оның ішінде: «Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру: 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру); 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде); 3) сөйлеуді дамыту; 4) көркем әдебиет; 5) сауат ашу негіздері; 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда); 7) сенсорика; 8) математика негіздері; 9) құрастыру; 10) қоршаған ортамен таныстыру; 11) сурет салу; 12) мүсіндеу; 13) жапсыру; 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылған Тәрбиеленушілерінің қорытынды мониторингі бақылау парақтарында «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша бағалау жүргізілген.<br>2022-2023 ,2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топтар бойынша бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты айқындалған. Білім беру ұйымында балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығынының 1-қосымшасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тарау 12- тармағына сәйкес келеді. |
| **2.** | **Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:** |
| **1)** | **МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.**<br>**Талдау нәтижелері:** 2022-2023 ,2023-2024.2024-2025 оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары зерделенді. 2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы |

| | |
|---|---|
| | 09 қыркүйектегі №394 бұйрығымен 1 қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3 - қосымша бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып бекітілген. Аталған оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарларында «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту», «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу (мүсіндеу,жапсыру,құрастыру), «Шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспарларында жоспарларында «Дене шынықтыру» -3 сағат, «Сөйлеуді дамыту»-2 сағат, «Сауат ашу негіздері»-3 сағат, «Математика негіздері»-3 сағат, «Қоршаған ортамен таныстыру»-2 сағат, «Сурет салу» -1сағат, «Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс- әрекеті»- 2 сағат білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген . Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -20 сағат. Апталық 20 сағат, жылдық-1400 сағат. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып , мектеп директорымен бекітілген.ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгеріс:12.05.2020 №195 бұйрығы) негізінде жасалынған Мектепалды даярлау сыныбына арнап құрылған жұмыс оқу жоспарларының апталық жүктемелерінің сағат сандары үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.<br>2023-2024,2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығымен 3 қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы білім және ғылым<br>министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3 - қосымша бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған. Ұйымдастырылған оқу ісшараларының кестесі жасалып бекітілген. Аталған оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарларында «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту», «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Шығармашылық іс-әрекет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспарларында жоспарларында «Дене шынықтыру» -3 сағат, «Сөйлеуді дамыту»-2 сағат, «Сауат ашу негіздері»-3 сағат, «Математика негіздері»-3 сағат, «Қоршаған ортамен таныстыру»-2 сағат, «Сурет салу» -1сағат, «Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс - әрекеті»- 2 сағат білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген . Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -20 сағат. Апталық 20 сағат, жылдық- 140 сағат. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып , мектеп директорымен бекітілген .<br>Циклограммалар жасалған, оқыту мерзімдеріне бөлінген. Циклограмма да тақырыбы, мақсаты, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып жазылған.<br>2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.<br>2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы мектепалды даярлық сыныптарында оқу жұмыс жоспарлары, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың |

| | |
|---|---|
| | мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер еңгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 3 тарауы 22 тармағы « Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады» талабына сәйкес келеді. |
| **3.** | **Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:** |
| **1)** | **Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;**<br>**Талдау нәтижелері:** мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілер контингентінің бойынша 33 тәрбиеленуші оқыған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 4 тарауының 25 тармағында «Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған. Талапқа сәйкес тәрбиеленушілер тізімі бекітілген. тәрбиеленуші жас топтарының күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып талапқа сәйкес жасақталған. Балалар білім беру ұйымына 5-6 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді.<br>2022-2023 оқу жылында 32 тәрбиеленуші 2 топ, 2023-2024 оқу жылында 28 тәрбиеленуші 2 топ, 2024-2025 оқу жылында 32 тәрбиеленуші болған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына1 қосымшасының 4 тарауының 25 тармағы талабына **сәйкес келеді**. |
| **2)** | **Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау;**<br>**Талдау нәтижелері:**.Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 4 тарауының 26 тармағы талабына сәйкес. |
| | **Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау.**<br>**Талдау нәтижелері:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2024 жылдың 20-23 мамыр аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы өкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті. 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 33 ата-ана қатысып. Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша |

| | |
|---|---|
| | оқыту нәтижелерін бағалау мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды. Мектеп жұмысының жоғары деңгейде көрсеткіші – 99,9%-5 балл құрады. Ал сабақ беретін 2 педагог қатысып, 100% сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдын жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, -5 баллға сәйкес деп бағаланды. |
| 7 | **ҚОРЫТЫНДЫ:** «Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 Бұйрыққа қосымша Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары 2 тарауының 8 тармағы бойынша онлайн сауалнама жүргізіліп, педагогтар мен ата-аналар 90 пайыздан кем емес қатынасты және сауалнама нәтижесі бойынша білім беру ұйымының білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі 5 баллмен айқындалды |
| | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы" 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 44 бұйрық) бекітілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) (бұдан әрі – 216 бұйрық) бекітілген оқулықтарға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы.**<br>**Талдау нәтижелері:**Мектепте кітапхана орналасқан.. Кітапхананың ауданы 73,7 шаршы метр. Оқу залының ауданы 51,6 ш.м.Оқу залындағы орындар саны -10. Ата-аналардың қолдауымен тәрбиеленушілерге оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар алынған. Тәрбиеленушілердің барлығы 100% оқулықпен қамтылған. Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақталғаны анықталды. Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) берілген. |

**Кемшіліктер мен ескертулер:**

1.Мектепалды даярлық сыныбы тәрбиеленушілерінің шығармашылығын дамыту мақсатында конкурстарға қатыстыруды жолға қою және педагогтің кәсіби шеберлігін шыңдау қажет.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының 2024 жылғы 01 тамыздағы хаттамасының шешімі:
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының қорытынды бағасы:**
- «zhaqsy» - 4

*Білім беру ұйымдарын*
*бағалау өлшемшарттарының*
*1-қосымшасы*

**Бағалау парағы**
**"Ақтөбе облысының білім басқармасы ,Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «№76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар:**

| р/с № | Бағалау өлшемшарттары | Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны | Балдары |
|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі | Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі – 50 % Жалпы - 2 педагог, жоғары білімді-1. | 2 |
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі | педагог-зерттеуші -0, педагог-сарапшы -0,педагог модератор – 2, педагог санатында -0 педагогтің барлық педагог қызметкерлердің 0 пайызын құрайды. | 2 |
| 3 | Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі | педагог қызметкердің (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) үш жылда бір рет сиретпей курстан өту үлесі 100 %), үш жылда бір рет сиретпей біліктілік арттыру талаптары бойынша жұмыстар жүргізілген. | 5 |
| 4 | Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы | Түрі көрсетілген техникалық оқыту құралдарының, оқу және оқу-зертханалық жабдықтардың тізбесі № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы мәліметтері толық ұсынылған. | 4 |
| **5** | Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы . | Ерекше білімді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ. | 5 |
| 6 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, қамтамасыз етілуі | Мектепалды даярлау сыныбының тәрбиеленушілері оқулықтар ,әдістемелермен ата-аналардың қолдауымен толық қамтамасыз етілген. | 5 |
| 7 | Білім беру ұйымдары топтарының | 100 % | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) | | |
| 8 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | Педагогтерге сауалнама онлайн түрде өткізілді. Сауалнамаға респонденттердің төменінде 100% - ы қатысқан | 5 |
| 9 | Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау | Педагогтер, ата-аналарғаа (заңды өкілдеріне) сауалнама онлайн түрде өткізілді. Сауалнамаға респонденттердің төменінде 100% - ы қатысқан | 5 |
| | **Баллдардың жалпы сомасы** | | **38 балл** |

**Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымын бағалау нәтижелері:**

Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының жалпы жиынтық бағасы – 38 баллды құрады. Білім беру ұйымының қызметі «жақсы» деп бағаланды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес келеді.

Комиссия төрағасы: ______ Бегжанов Орынбасар Избасарович
(қолы) (толық аты -жөні)

Комиссия мүшелері: ______ Аблаева Анаргуль Базарбаевна
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Жетруова Гульжан Кусмановна
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Жұбаниязова Інкәр Мерекеқызы
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Султанов Мырзасейт Куандыкович
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Карагулова Зейнет Жаксылыковна
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Каиынбаева Гулбану Куанбаевна
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Тулегенова Гүлбақыт Бүйқытовна
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Алдиярова Гулжанат Капаровна
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Кожабаева Гулназ Жаксылыковна
(қолы) (толық аты -

______ Малсакбаева Гулмай Шайжановна
(қолы) (толық аты -жөні)

______ Килибаева Айлязат Хамитовна
(қолы) (толық аты -жөні)